



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы

АЛМАТЫ

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қордабаев Т.Р. Тілдің структуралық элементтері. – Алматы, 1975 ж. – 108 б.
2. Мырзабектен С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Мектеп, 1996 ж. – 84 б.
3. Сыздық Р. Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1995 ж. – 120 б.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қаз. мем. көр. әд., 1960 ж. – 364 б.
5. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995. – 136 б.
6. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы (экспериментальды-фонетикалық зерттеу). – Алматы: Ғылым, 1984. – 116 б.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
8. Айғабылова Г.А. Қазақ тіліндегі ықшамдалған сөздер мен сөзформалар. – Алматы: Мектеп, 1996. – 80 б.
9. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1965. – 592 б.
10. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 220 б.

МРНТИ 14.35.09

Айсұлтанова К.А.¹ Смагулова А.С.²
^{1,2}ҚазНУ им. аль-Фараби
¹к.ф.н., доцент
²ст. преподаватель

«ПРОИЗВЕДЕНИЕ ИЛЬЯС ЕСЕНБЕРЛИНА И ЕГО СВЯЗЬ С ИСТОРИЕЙ»

Аннотация

В статье анализируются исторические труды И. Есенберлина. Этот продукт помогает сформировать личность, которая полюбит свою Родину, страну, своих людей. Анализируя исторический труд И. Есенберлина, были созданы эпические образы. Писатель в своем произведении правдиво рассказывает о торговле, культурных связях между соседними народами. Он обеспечивает некую историческую связь между казахами и русскими людьми.

Ключевые слова: образцы устной литературы, словесное искусство, философские концепции, личность, политическая и социальная проблема, историческая реальность, культурные связи, явления современной жизни.

Қ.Ә. Айсұлтанова¹ А.С. Смагулова²
^{1,2}ал-Фараби атындағы ҚазҰУ
¹ф.ғ.к., доцент

²аға оқытушы

ІЛІЯС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХПЕН БАЙЛАНЫСЫ

Аңдатпа

Мақалада І.Есенберлиннің тарихи еңбектері талданады. Бұл өнім өз Отанын, елін және халқын сүйетін жеке тұлғаны қалыптастыруға көмектеседі. І.Есенберлиннің тарихи шығармашылығын талдай отырып, эпикалық образдар жасалды. Жазушы өз шығармасында көрші халықтар арасындағы сауда, мәдени байланыстар туралы шынайы әңгімелейді. Бұл қазақтар мен орыс халқы арасындағы өзіндік тарихи байланысты камтамасыз етеді.

Кілт сөздер: ауызекі әдебиеті үлгілері, сөз өнері, философиялық концепция, жеке тұлға, саяси-әлеуметтік ахуалы, тарихи шындық, мәдени байланыс, қазіргі өмір құбылыстары.

*Aisultanova K.A.¹ Smagulova A.S.²
^{1 2} KazNU named after Al-Farabi
¹Cand. Sci.
²senior lecturer*

“THE WORK OF ILYAS YESENBERLIN AND ITS CONNECTION WITH HISTORY”

Abstract

I. Esenberlin's historical works are analyzed in the article. This product helps to form an individual who will love their homeland, country, its people. Being analyzed historical work of I. Esenberlin, the epic images have been created. The writer in his work truthfully reports the trade, cultural relations between neighboring people. He provides some historical connection between Kazakh and Russian people.

Key words: samples of oral literature, verbal art, philosophical concepts, personality, political and social problem, historical reality, cultural connection, phenomena of modern life.

Жеке тұлғаны туған халқының ауызекі әдебиеті үлгілері, тарихи шығармалар арқылы патриоттық рухта тәрбиелесек, олардың жан дүниесін жадыратып, келешекте елін жерін қорғайтын, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар азамат тәрбиелеп шығарамыз. Халқымыздың тарихы, ауыз әдебиеті мен тарихи шығармалардың тәрбиелік маңызы зор. «Жастай берген тәрбие – жас шыбықты игендей» деп біз балаларды өз халқының алтын қорынан нәр алып, сусындауға дағдыландыруымыз керек.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман соның ішінде тарихи романдар (17) жазған жазушы І. Есенберлиннің қаламынан туған “Айқас”, “Ғашықтар”, “Қатерлі өткел”, “Алтын құс”, “Маңғыстау майданы”, “Алтын аттар оянады”, “Көлеңкемен қорғай жүр”, “Алыстағы арпалыс”, “Аққу құстар қуанышы”, “Махаббат мейрамы”, т.б. романдары тың тақырыпта

жазылып, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, соны серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылар еді. Ол — қазақ әдебиетінде алғашқы болып тарихи зерде тамырына қан жүгіртіп, тұншыққан сананы қапастан шығаруға жол салған, ұлт рухын тірілткен жазушы ретінде қазақ әдебиетінің тарихында оқшау орны бар тұлға.

Ілияс Есенберлиннің тарихи эпопеясы сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі болып қала бермек. Тарихи тақырып арқылы бүгінгі күнге, қазіргі дәуірге қатысты идеялар айтылатынын естен шығаруға болмайды. Тарихи шығарма сол өткен заманның әлеуметтік-эстетикалық реконструкциясы ғана емес, онда бүгінгі уақыттың да философиялық концепциясы жатады. Тарихи шығармалардың өмір танытқыштық мәнін айтқан кезде, онда бүгінгі рухани тіршілігімізге қатысты көп мәселелер қамтылатынын ескеру керек.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алтын Орда» романдарын өткенді айта отырып оны қазіргі өмір құбылыстарына байланыстыра білу — көркем шығарманың эстетикалық актуальдығын арттыратын көркемдік фактор екенін дәлелдейтін, уақыт рухы көрінетін, жаңа концепция әкелген шығармалар деуге болады.

І.Есенберлиннің «Қаһар» романында тарихи шындық, қаһармандар келбеті нанымды мүсінделген. Мұнда халықтың азаттық жолындағы күресін, ересен ерлігін бейнелейтін жарқын беттер мол. Автор бір жағынан, бостандықты аңсаған, бірақ оған жетуге жағдайы жоқ халықтың басындағы трагедияны таныстыра алған. Шындығында бұл — жерден, еркіндіктен айырылған қазақ елінің стихиялық бұлқынысы, аласұрып айбат шегуі, тұяқ серпуі туралы хикая. Шығарманың бас қаһарманы — халық. Қозғалысқа күш берген, оны ондаған жыл бойында қазақ жерінде қаһарлы күшке, азаттық алаңына айналдырған құдірет те сол — халық. Бұл трилогия осы күнге дейін көп ретте көмескі жатқан тарихымыздың бұралаң жолдарын айқынырақ түсінуге көмектеседі, өткен өмірдің даңқты да, қасіретті де белестерімен танысты-рады, оқырманның өз елінің тарихы, оның белгілі қаһармандары туралы ұғымын ұлғайтады, тарихтың опық жегізген екіншіткі құбылыстары мен ілгерішіл, нұрлы дәстүрлері туралы аса пайдалы сабақтар береді.

«Жанталас» романында қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы XVIII ғасырдағы азаттық күресінің шешуші кезеңдері, сол күрестің негізгі күштері, қазақ елінің саяси-әлеуметтік ахуалы, ішкі қайшылықтар, сыртқы жаулар, әсіресе, қытай богдыхандарының жыртықшылық, арандатушылық саясаты, ар, намыс, өмір үшін кескілескен ұрыстарда қазақ халқының өз тәуелсіздігін қорғауға қажыр, қайрат таба білгендігі, осы оқиғалар тысында қол бастайтын қаһармандар өсіп, жетіліп шыққандығы туралы тарихи көп мағлұмат келтірілген. Оның үстіне Бұхар жыраудың төрт дүркін әңгімесі арқылы Хақназар, Тәуекел, Есім хандар кезіндегі қазақ елінің ахуалы, үздіксіз, жанталас соғыстар, сыртқы жаулардың толассыз шабуылы, халықтың дұшпандарын жеңіп отырғандығы туралы тарихи шындыққа сәйкес деректер берілген. «Жанталас» романы тек XVIII ғасыр оқиғаларымен шектелмей, одан арғы екі ғасырдың да басты оқиғаларын қамтыған болып шығады. Міне, осындай үш ғасырға жуық кезеңнің күрделі істерін бір кітап көлемінде көрсету дегеннің қаншалық күрделі екенін аңғару қиын емес. Романның өзіндік жанры мен композициясын сөз еткенде, есте болар жайдың бірі осы.

«Жанталас» романында көп кейіпкердің аты аталады. Солардың негізгі сюжеттік желі үстінде көрінетіні санаулы ғана. Ал басқалары түрлі оқиғалық баяндаулар тұсында қатарға қосылып отырады. Бұқар жырау айтқан әңгімелерде ғана Хақназар, Тәуекел, Есім хандар тарихы біршама толық көрінеді. Ал өзге қаһармандардан молырақ, нақтырақ көрінетіндері жоңғардың алғашқы соққысынан Түркістанды қорғауды басқарған Елшібек, жаудың арам ойын іске асыртпау үшін өз басын қауіп-қатерге байлап, асқан ерлік көрсеткен қыз Гауһар, белгілі баһадүрлер: Қияқ, Бөгенбай, Баян, хан, сұлтандар: Әбілхайыр, Абылай, Барақ, т. б. Бұл тұлғалардың іе-

әрекеті, мінез-құлқы кейде автор, кейде жырау атынан айтылып, едәуір қомақты болып көрінеді. Романда неғұрлым айқын, толық көрінген тұлғаның бірі — Абылай. Жазушы оның мінез қырларын аша алатын ұрымтал мезеттерді, байланыстарды талғап ала білген. Біз Абылайды алғаш рет өзінің шын аты мен тегін жасырып, Төле бидің түйесін бағып жүрген кезінде көреміз. Оның өзін ажалдан сақтап, Хиуадан алып шыққан адамы — Оразқұлды «сырымды жария еттің» деп өлтіріп жібергені мінезінің аса қатал қырына қанықтырады. Бұдан кейін Абылайдың ақылы мен алғырлығын сипаттайтын бірталай асу, тосулардың куәсі боламыз. Оның кектеніп келе жатқан арғын қолына қарсы келмей, бой тасалап, жылысып кетуі, Ертіс тұсынан қазақты шаппақ болған жоңғарды жеңудің жолын іздестіруі, Сыр бойындағы қалаларды Қоқан үстемдігінен азат етуі, қалың қытай әскерін ілгері жібермеу жолындағы тапқырлықтары тарихи маңызы бар үлкен істер. Осы оқиғалар кезінде оның бейнесінің жан-жақты мүсінделгенін көреміз.

«Алмас қылышта» сонау Шыңғысханның Орта Азияға жасаған шапқыншылығынан бастап, он бесінші ғасырдың екінші жартысына дейінгі дәуірдегі оқиғалар да бірде Әбілқайырдың ойы, бірде жыраулардың, билердің, кейіпкерлердің еске алуы арқылы қажетті тұстарда сыздықтатып беріліп отырады [1, 45].

Жазушы қалыптасқан тарихи шындыққа ханның қара басының тұрғысынан қарай отырып ой жібереді. Әбілқайыр Шыңғыс ұрпағынан шыққан бұрынғы билік жүргізу әлістерінің күні өтіп бара жатқанын айқын сезді. Оны ойға шомылдырып, жан толқынысына түсіріп отырған халық бұрынғы замандардағы қамшының табымен-ақ үйіріп алып, айдап басқара беретін тобыр емес. Ханды қапаға түсіріп, тұңғыық ойға батыруының өзінен халық бейнесінің батырлық сипаты тұлғаланып көрінеді.

Жазушы Абылай бейнесін тарихи шындыққа сәйкес жасауға ыждағат, ілтипатын төккені байқалады. Қаһарманның портреті де тұжырымды: «Абылай қазір қырықтан жана асып бара жатыр. Ол сұңғақ бойлы, ат жақты, қарасұр, түсі суық адам. Үлкен ойлы көздері кісіге қарағанда өңменнен өткендей ызғарлы [1, 84]. Кейіпкердің ішкі сырын, ой түкпірін айқындауға диалогтың қаншалық қажет қызмет атқаратыны белгілі.

Бүкіл қазақ еліне әділдігі, даналығы, ақындығы мәлім Бұхар жыраудың Абылай алдында да беделі мол еді. Сондықтан да исі қазақ атаулыдан тек Бұхар ғана ханмен еркін, ашық сөйлесетін болған. Сондай сөздердің бірінде Бұхар ханның кейбір қатал істерін есіне салып, бетіне басады. Сонда Абылай былайша жауап қайтарады: «Баяғыдан бері менің сойылымды соғып, қартайғанда өз ісіңнен өзін қорқып қалдың ба, жырауым... Өткен іске өзіңді өзің қинамайақ қой. Одан да менің мына сұрауыма жауап берші... Бастары қосылмай кеп, «ақтабан шұбырындыда» кеуегінен қашқан қояндай сасып, жартысына жуығын жоғалтқан бұл елге қандай адамның хан болуы керек еді. Былбырап аққан ыстық қан ісінен жүрегі айнымайтын қатал басшысы болмаса, сұрқия заманда жанжағынан қаптаған жауы даласын аткөпір етіп, өздерін әр жотаның етегіне төбе-төбе қып үйіп кетпесіне кім кепіл еді? Сонда қазақтан не қалар еді» [2, 314]. Бұл сөздердің ар жағында өмірдің бұлтартпас фактісі жатқаны анық. Абылайдың ерлер алдындағы лебіздерінен оның пір тұтқан қағидасы, ұстанған ұғымы бүкпесіз білінеді. «Өкінішім — үш жүздің басын қоса алмадым, аз елге хан болдым. Қазаққа мал емшегін емізгенмен, жер емшегін емізе алмадым... Өзге жаудан қазақтың жерін қорғаймын деп жүргенімде дүние құрғыр өтіп кетіпті ғой» [2, 318-бет].

Абылайдың қазақ жерін жаудан босату, жан-жақтан анталаған көп дұшпанға төтеп беру жолындағы басшылығы алмағайып, аламан-тасыр заманда өткен. Осыған орай шығармада көркем тұлғаның түрлі қыры тиісті мінездемесін алғандығын байқаймыз. Шығармада бейнеленген кесек тұлғалар қатарында батыр Баянды атаймыз. Батыр Баян романның үшінші бөлімінде, екі-үш эпизод үстінде көрінсе де, жарқын бейнесі есте қаларлық. «Жанталаста» суреттелетін қаһармандардың бәрі дерлік аңыз, жыр арқылы халық санасынан орын алған жандар болатын. І. Есенберлин сол фольклор

туындыларында қалыптасқан эпикалық бейнелерді төмендетіп алмай, оларға реалистік нақтылық, даралық келбет дарыта білген, ол оңай емес. Сөз болып отырған шығармада Баянның жауға қарсы екі-үш жорығы, оның көзсіз ерлігі, үлкен отаншылдығы, намысшылдығы баяндалған. Жауға деген қалтқысыз өшпенділік, таза халықтық ұғым, айнымаған намыс, ар Баян басынан табылады. Ол қалмақ қызының азғыруына ерген сүйікті інісі Ноянды атып өлтіргенде дәл осындай биік елдік дәстүр тұрғысынан көрінеді «Жанталас» романында тыңнан табылған типтің бірі — Әбілхайыр ханның хатшысы Құдабай. Ол туралы шығармада мынандай мінездеме келтірілген: «Құдабайдың Орынбор губернаторының тыңшысы екенін хан білетін. Бірақ ол Әбілхайырға Неплюев не сұраса да айтып беремін деп уәдесін берген. Оған қанша сенгенмен де, кейбір құпия сырын жасырып қалуға тырысатын. Одан тіпті қорқатын да. Хатшысын біржолата қуып жіберуге Неплюевтің өзіне қандай қақпан құрып жүргенін Құдабайсыз тағы біле алмайды» [3,171].

Романда Ақсақ Темір, Тоқтамыс, Едігелер қатар өмір кешкен дәуірдегі Алтын Орда мен Мауереннахр арасындағы қарым-қатынастардың қат-қабат ақиқаты көрініс береді. Егер Ақсақ Темір өзіне бір кезде паналап барған Тоқтамысты қолдап, Алтын Орданы тәуелді ету үшін әрекет етсе, Тоқтамыс айбарлы Әмірдің көмегімен таққа отырып, Алтын Орданың ыдыраған, әлсіреген бірлігін қалпына келтіруді, мықты хандық орнатуды армандайды, аз уақыт болса да, дала мемлекетінің мерейін үстем етуге күш салады. Едіге бидің көздегені Алтын Орданың тағын Тоқтамыстан тартып алу болады, осы мақсатты көзден, ол да Әмір Темірдің жер қайысқан қолын өз жеріне ертіп келіп, жойқын қырғынды ұйымдастырады. Ақырында Едіге Тоқтамысты жеңіп, Алтын Орда тағдырын қолына алғанымен, Литвамен соғыста табысқа жеткенімен, ісі баянды болмайды, оның өзі де кектескен Тоқтамыс балаларының қолынан өледі. Міне осындай «қошқарлардың» басы бір қазанға сыймауы атағы әлемді тітіренткен Алтын Орданың бөлшектеніп, шаруашылығы күйзеліп, әлсіреуіне әкеліп соғады. Мансапқорлық, елдің келешегін ойламай, көз алдындағыға ғана қызығу заманның ең әйгілі қайраткерлерінің өзін тұңғыыққа түсірген, кешіргісіз ауыр қылмысқа батыр-ған. Романда міне осындай жандардың мінезіндегі қай-шылықтар өте жарқын, сенімді ашылған. «Алтын Ордада» орыс елінің тарихи рөлі, оның басқыншыларға қарсы төзімді тегеурінді күрес жүргізіп, бірте-бірте күш жинап, кек аларлық, есе қайтарарлық жағдайға жету әрекеті шыншыл көрсетілген. Әсіресе Дмитрий Донской басқарған орыс қосындарының Кудиков даласында менменсінген Мамай әскерімен соғысып, жеңіске жетуі үлкен бір тарауда егжей-тегжейлі әңгімеленген. Жазушы монғол жаулаушыларының ісі зорлық, орыс халқының күресі әділ екенін әрдайым анық етіп ұқтырып отырады. Сонымен қатар жазушы шығармасында көршілес халықтардың арасында сауда, мәдени байланыс, кейде құдандалық болып тұрғанын да шындыққа сай баян етеді, қазақ, орыс халықтары тарихи байланысының кейбір деректерін келтіреді.

Жазушының тарихи оқиғаларды биік дүниетаным тұрғысынан талдағандығы трилогияның өн бойынан танылады. Романда Алтын Орда тарихы бірыңғай хандар мен билердің шежіресі болып кетпеген. І. Есенберлин дәуірдің жалпы жағдайларын кең баяндап, құбылыс-тардың себебі мен салдарына әлеуметтік талдау беріп отырады. Дәл осы арада оның оқиғалар мен адамдарға деген бағасы айқын көрінеді, соларды кейде тарихшының, енді бірде суреткердің көзімен сыпаттайды. Бұл арада реализм әдебиетінің қалыптасқан, екшелген өміршең тәсілдері көмекке келгені сезіледі. «Алтын Ордада» хандар озбырлығына наразылық білдіріп, ауық-ауық бас көтеріп, қарулы күреске шығып отыратын бұқара өкілдері де кездеседі. Сәлімгерей, Ақберен секілді қарапайым халық өкілдері бастаған көтерілістер шығарма көлемінде салдарлы идеялық жүк арқалап тұр. Ақтайлақ бидің дем беруімен Алтын Орда әскеріне қарсы ашынып соғысқа шыққан кенегес руы жігіттерінің әрекеті де нағыз халықтық сипат алған. Әрине ол заманда бұқара көпшіліктің ұйымдасып, өз мүддесі үшін

күреске шығып, жеңіске жете алмайтыны белгілі еді. Сонда да халықтың көңіл түкпіріндегі әділетке деген өшпес сенімді елестете алуы шығармаға идеялық бағыттылық дарытады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Есенберлин І. Алмас Қылыш. І.Есенберлин атындағы қор. - Алматы, -- 2014. – 340 б.
2. Есенберлин І. Жанталас. І.Есенберлин атындағы қор. - Алматы, 2014. – 337б.

МРНТИ 17.09.91

*Utegenova K.Ch.¹, Aliyarova L.M.,² Makhazhanova L.M.³
¹teacher of Al-Farabi Kazakh National University,
²³senior teachers of Al-Farabi Kazakh National University,*

**THE MAIN METHODS OF CLASSIFICATION OF
EMOTIONAL LEXICON IN ENGLISH**

Abstract

The lack of a unified psychological concept of emotions makes it difficult to create a unified typology of language verbalization of emotions and study emotivity from a linguistic point of view. The article discusses several classification methods that currently allow us to systematically consider the category of emotivity. The article analyzes the views of researchers, including the opinions of domestic scientists who study modern English vocabulary, as well as its emotional, expressive and evaluative components. The considered works made it possible to determine the main directions and notions in the study of the concept, the prospects for further research.

Key words: emotive vocabulary, zoonyms, zoolexems, diplomacy discourse, political debate.

*Утегенова К. Ч.,¹ Алиярова Л. М.,² Махажанова Л. М.³
¹преподаватель КазНУ им.Аль-Фараби,
²³старший преподаватель КазНУ им.Аль-Фараби*

**ОСНОВНЫЕ МЕТОДЫ КЛАССИФИКАЦИИ
ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ ЛЕКСИКИ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ**

Аннотация

Недостаточность единой психологической концепции эмоций затрудняет создание единой типологии языковой вербализации эмоций и изучение эмотивности с лингвистической точки зрения. В статье рассматриваются несколько классификационных методов, позволяющих в настоящее время систематически рассматривать